

## "Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 20 мамырдағы № 585 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 26 маусымда № 11457 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № 11-1-4/179 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 01.06.2020 № 11-1-4/179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыратын инвестициялық келісімшарт жасау" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 25 ақпандағы № 51 бұйрығының (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 17 наурызда № 9232 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2014 жылғы 20 қарашада № 227 (27848) болып жарияланған);

2) "Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға инвестициялық келісімшарт жасау" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрі міндетін атқарушының 2014 жылғы 25 ақпандағы № 51 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 273 бұйрығының (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 23 қаңтарда № 10140 болып тіркелген

, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 12 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар комитеті:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бүйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бүйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 20 мамырдағы  
№ 585 бүйрығымен  
бекітілген

**"Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік

көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар комитетімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Өтінімді қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушімен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестиациялық жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарт (бұдан әрі – Келісімшарт) жасасу болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдерді (іс-қимылды) бастау үшін негіз Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 478 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 28 мамырда № 11216 тіркелген) "Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференцияларды беруді көздейтін инвестиациялық жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарт жасасу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес өтінімді ұсыну болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) он бес минуттың ішінде көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің маманымен тіркеу нөмірі және күн көрсетілген өтінімді қабылдау және тіркеу;

2) Инвестициялық преференциялар басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) өтінім тіркелген сәтінен бастап он сегіз жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің өтінімін қарастыруы;

3) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 286-бабымен белгіленген талаптарға құжаттарына сәйкес келген жағдайда, құжаттарды қарастырған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде қызметті берушінің басшысының Келісімшарт жасасу туралы бұйрық қабылданады;

4) Келісімшарт жасасу туралы бұйрықты қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Басқарма Келісімшарт жобасын дайындау;

5) тараптармен қол қойылған келісімшартты бес жұмыс күні ішінде тіркеу;

6) тіркелген Келісімшартты көрсетілетін қызметті алушуға беру.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.02.2016 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Мына рәсімдерді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету рәсімінің іс-қимыл нәтижесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркеу және оларды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына беру;

2) көрсетілетін қызметті беруші басшысының Басқармаға қарастыру үшін қарапы;

3) көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұйрығы;

4) Келісімшарт жобасын дайындау;

5) көрсетілетін қызметті берушінің Келісімшартты тіркеуі.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті беруші құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсететін қызметті берушінің басшысы және (немесе) оның орынбасары;

2) Басқарма басшысы;

3) жауапты орындаушы;

4) кеңсенің маманы.

8. Құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) бірізділігін сипаттау:

1) он бес минуттың ішінде кеңсе маманымен тіркеу нөмірі мен күні көрсетілген құжаттар тіркеліп, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе оның орынбасарына беріледі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары құжаттарды үш сағат ішінде Басқарма басшысына береді;

3) Басқарма басшысы бір сағат ішінде жауапты орындаушыны анықтап, құжаттарды қарастыруға береді;

4) жауапты орындаушы өтінім тіркелген сәтінен бастап он сегіз жұмыс күні ішінде құжаттарды қарастырады;

5) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандығы Кәсіпкерлік кодексінің 286-бабымен белгіленген талаптарға құжаттары сәйкес келген

жағдайда, көрсетілген қызметті берушінің басшысы құжаттар қарастырылған қорытынды бойынша екі жұмыс күні ішінде Келісімшарт жасасу туралы бұйрықты қабылдауды;

6) жауапты орындаушы Келісімшарт жасасу туралы бұйрық қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Келісімшарт жобасын қол қоюға дайындауды және оны көрсетілетін қызметті алушыға жібереді;

7) тараптармен қол қойылған Келісімшарт жобасы бес жұмыс күні ішінде тіркеледі;

8) жауапты орындаушы Келісімшар тіркелген күнді оны кеңсе маманына береді;

9) кеңсе маманы тіркелген Келісімшартты көрсетілетін қызметті алушуға береді.


**Ескерту. 8-тармақта өзгеріс енгізілді - КР Инвестициялар және даму министрінің 23.02.2016 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) бірізділігінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеттерінің толық сипаттамасы осы Регламентке қосымшаға сәйкес "Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференцияларды ұсынуды көздейтін инвестиациялық жобаны іске асыруға инвестиациялық келісімшарт жасасу" мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Инвестициялар және даму министрінің 23.02.2016 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестиациялық преференциялар беруді көздейтін инвестиациялық жобаны іске асыруға инвестиациялық келісімшарт жасасу" мемлекеттік қорсетілетін қызмет регламентіне қосымша

**"Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестиациялық преференциялар беруді көздейтін инвестиациялық жобаны іске асыруға инвестиациялық келісімшарт жасасу" мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК